## Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 қыркүйекте № 36866 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін** 4-тармақтан **қараңыз.**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі* | *Е. Нагаспаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2025 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 367 бұйрығымен бекітілген

## Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 114 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10058 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 11-1)-тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларында:

10 және 11 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

11. Жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі-Негізгі талаптар тізбесі) сәйкес құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған түрде " электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

2. "Сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 151 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10640 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларында:

12,13 және 14 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

13. Заңды тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде " электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

1) мемлекеттік монополияға жатқызылған жобаларды қоспағанда, құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті жолдайды;

2) ерекше индустриялық аймақтың аумағында объектілер салуға арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті жолдайды;

3) куәлікті қайта ресімдеу кезінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет негізгі талаптардың тізбесі 8-тармағымен анықталған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.";

7-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12535 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-21)-тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларда және рұқсат беру талаптарында:

4, 5 және 6 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау мен техникалық тексеруді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы Қағидалар мен рұқсат беру талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау мен техникалық тексеруді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Аккредиттеуден өту үшін өтініш берушілер мынадай рұқсат беру талаптарына сәйкес келеді:

өз құрамында тұрақты негізде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеруді жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшы болу;

өз құрамында тұрақты негізде мамандандыру бойынша жобалардың сараптамасын жүзеге асыратын кемінде бір аттестатталған сарапшының конструктивтік бөлігі болуы;

өз құрамында тұрақты негізде кемінде бір инженер-геодезист (кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар);

меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың болуы;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-52 бұйрығымен бекітілген "Әкімшілік және тұрғын үй ғимараттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28525 болып тіркелген) талаптарын қанағаттандыратын меншік немесе жалға алу құқығындағы бір жылдан астам мерзімге (құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеумен) әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлары болуы;

материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өлшеу және бақылау құралдары, сондай-ақ есептерді орындау, графикалық және өзге де материалдарды жасау және ресімдеу үшін қажетті лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандырылған компьютерлер болуы;

жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттің болуы.";

1-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 733 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12702 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-24)-тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларда:

4, 5 және 6 тармақтарға мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.";

1-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын

аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 735 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12752 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-20)-тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптарда:

4 және 5 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

1-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінде лицензиялар беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және

инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 175 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20267 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3, 4 және 5 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Іздестіру қызметіне лицензия беру" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.";

1-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3, 4 және 5 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана,

Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Жобалау қызметіне лицензия беру" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.";

1-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3, 4 және 5 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" осы Қағидаларға 1-

қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.";

1-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Құрылыс саласындағы рұқсаттардың автоматтандырылған тізілімінде рұқсаттарды жүргізу, олардың қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату (кері қайтарып алу) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 283 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №34852 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құрылыс саласындағы рұқсаттардың автоматтандырылған тізілімінде рұқсаттарды жүргізу, тоқтата тұру, қолданысын тоқтату (кері қайтарып алу) қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Автоматтандырылған тізілімдегі рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұруды, тоқтатуды (кері қайтарып алуды) Жүйе автоматты режимде не рұқсат беру органдары сот шешімінің негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру (кері қайтарып алу) туралы мәліметтерді енгізу арқылы жүзеге асырады.

Осы бұйрыққа 1 қосымшаға сәйкес нысанда анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама және осы бұйрыққа 2 қосымшаға сәйкес нысанда жедел ден қою шараларын автоматты режимде қолдану туралы қаулы автоматтандырылған тізілім арқылы қалыптастырылады және пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттық жүйедегі жеке кабинеттеріне жіберіледі.";

осы Тізбеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес 1 және 2-қосымшалармен толықтырылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Сәулет, қала құрылысы және

құрылыс қызметі саласындағы
сараптама жұмыстарын және
инжинирингтік көрсетілетін
қызметтерді жүзеге асыратын
сарапшыларды аттестаттау
қағидаларына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| **"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:**<br>**Қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау;**<br>**Техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау ;**<br>**Авторлық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау;**<br>**Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау;**<br>**Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде аттестатты қайта ресімдеу.** | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz.<br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны " e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) аттестатты беру – 15 жұмыс күні<br>2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген кезде – 3 жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларға аттестат беру немесе қайта рәсімдеу, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| | | 1) қызметті алған кезде:<br>осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>жеке басын куәландыратын құжат – өтініш берушінің жеке басын сәйкестендіру үшін (тестілеуге жіберу кезінде ұсынылады);<br>техникалық және авторлық қадағалау, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық тексеру сарапшы ретінде аттестаттау үшін, жоғары кәсіптік білімі туралы дипломның электрондық көшірмесі (ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы болған жағдайда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі) немесе шетел азаматтары үшін білім туралы құжаттың және оның қосымшасының заңдастырылған немесе апостильденген |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | электрондық көшірмесі және білім туралы құжаттың және оның қосымшасының, мөрдің аудармасын қоса алғанда нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса);<br>қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттамаларға сараптама бойынша сарапшы ретінде аттестаттау үшін, қала құрылысы, жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдері бойынша жоғары кәсіптік білімі туралы дипломның электрондық көшірмесі (ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы болған жағдайда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі) немесе шетел азаматтары үшін білім туралы құжаттың және оның қосымшасының заңдастырылған немесе апостильденген электрондық көшірмесі және білім туралы құжаттың және оның қосымшасының, мөрдің аудармасын қоса алғанда нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса);<br>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірме, еңбек кітапшасы.<br>Еңбек кітапшасы болмаған жағдайда келесі құжаттардың бірін ұсынады:<br>жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының электрондық көшірмесі;<br>еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің электрондық көшірмесі;<br>қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтері бар мұрағаттық анықтаманың электрондық көшірмесі. Шетел азаматтары үшін еңбек қызметін растайтын құжаттың |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңдастырылған немесе апостильденген электрондық көшірмесі және құжаттың, мөрдің аудармасын қоса алғанда нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса).<br>2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгеруіне байланысты қайта ресімдеу кезінде:<br>осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің теріс қорытындысы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен |

| | | |
|---|---|---|
| | | байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады;<br>6) өтініш беруші тестілеуден өту кезінде шекті деңгейде төмен баға алған жағдайларда. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында www.gov.kz орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Тізбеге 2-қосымша
Сараптама ұйымдарын
аккредиттеу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

**"Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**
**Құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер мен ЖСҚ) міндетті кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымдарын аккредиттеу;**
**Арнайы индустриялық аймақтың аумағында объектілерді салуға арналған жобаларға ( техникалық-экономикалық негіздемелер мен ЖСҚ) міндетті кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу үшін арнайы индустриялық аймақтардың сараптама ұйымдарын аккредиттеу;**
**Заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде куәлікті қайта ресімдеу.**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті |
| | | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz. |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Заңды тұлғаның атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген кезде, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде куәлікті беру - қайта ресімдеу-20-40 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша куәлік.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| | | 1) мемлекеттік монополияға жатқызылған жобаларды |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | қоспағанда, құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде порталға:<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес мемлекеттік монополияға жатқызылған жобаларды қоспағанда, құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу ұйымының аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны;<br>2) ерекше индустриялық аймақтың аумағында объектілер салуға арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде порталға:<br>осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес ерекше индустриялық аймақтың аумағында объектілер салуға арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) міндетті ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу ұйымының аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны;<br>3) куәлікті қайта ресімдеу кезінде:<br>осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | Жоқ |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында www.gov.kz орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Тізбеге 3-қосымша
Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптарына
1-қосымша

**"Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**
**Жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерінде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсететін ұйымдарды аккредиттеу;**
**Жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерінде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу;**
**Заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде куәлікті қайта ресімдеу.**

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz<br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны " e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Заңды тұлғаның атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген кезде, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде куәлікті беру - қайта ресімдеу-20-40 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 4 және 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексине (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған |

| | | |
|---|---|---|
| | | кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі осы Қағидаларға | 1) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру бойынша аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде порталға:<br>осы Қағидаларға 2-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 3-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын ұйымның аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны;<br>2) бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде порталға:<br>осы Қағидаларға 6-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 7-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес күрделілігі бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымның аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны; |

| | | |
|---|---|---|
| | | инженер-геодезист дипломының электрондық көшірмесі;<br>3) аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде порталға:<br>осы Қағидаларға 10-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлғаны бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бөлініп шыққан заңды тұлғаның куәлігін қайта ресімдеуге келісімі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген шешімнің электрондық көшірмесі. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | Жоқ |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында www.gov.kz орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Тізбеге 4-қосымша
Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
1-қосымша

"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz.<br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны " e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Заңды тұлғаның атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген кезде, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде куәлікті беру - қайта ресімдеу-20-40 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлікті беру не қайта ресімдеу. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
